


71-77 м.
~~24-76~~

«Қазақ әдебиеті» газеті

«КӘ» АРХИВИНЕН

ПЕРНЕДЕН ТӨГІЛГЕН ТЕРМЕЛЕР



— Бұл өлең жолдас болған маған дарып,
Кұлыным, қонар ма екен саған барып, —
дегендей-ау Кенен ата немересіне.

ЖҮЗ ЖАСА

(Әні бар)

Алматы астанамыз асқан қала,
Асыл нұр айналаға шашқан қала,
Тамаша-ай!

Жарқырап Ильич шамы нұрландырған,
Гүлденген колхоз, совхоз, тау мен дала,
Тамаша-ай!

Халқында Ұлы Отанның сән-салтанат,

Осыдан екі жыл бұрын 90 жасқа толып
дүбірлі тойы өткен халқымыздың төрт ор-
денді (Ленин орденді, Енбек Қызыл Ту, екі
«Құрмет белгісі» орденді) халық жырауы
Кенен Әзірбаев 93-ке қараған жасында дү-
ние салған еді.

Кенекке өмірінің соңғы кезінде:
— Көкірегімді ән мен жыр толқыны кер-
неп, мазасыздана беремін. Әттең, бұрынғы-
дай шырқап кетер дәрмен жоқ. Біреу жа-
зып ала берсе, — дейді екен.
Сондай күндердің бірінде акын аулына

М. Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер инс-
титуты Жамбылтану бөлімінің аға ғылыми
қызметкері Нысанбек Төрешұлов барып бір
топ жаңа жырларын магнитофон лентасы-
на жазып алыпты. Бұрын жұртқа таныс
емес сол жырлардың кейбіреулерін оқушы-
ға ұсынғанды жөн көрдік.

Самолет күн-түн ұшты сағат санап,
Тамаша-ай!
Бастаған Компартия нұсқауымен,
Ұл-қызым ғарышта жүр айды аралап,
Тамаша-ай!

Қайырмасы:
Ұлы Отаным тамаша,
Қуанамын балаша.
Ұл-қыздар,
көп жаса!
жүз жаса!

Он бесте ән шырқатып, той бастадым,
Отызда жүйрік аттай ойқастадым,
Тамаша-ай!
Жетпіс жас, сексен, тоқсан әндеріме,
Ең соңғы әкеп костым «Жүз жас әнін».

Халқымның көп татқанмын дәм мен
тұзын,
Басылды кітап болып жыр мен сөзім,
Тамаша-ай!
Әділет, шындық заман арқасында,
Аралап ән, жырым жүр жердің жүзім,
Тамаша-ай!

Айтатын тілегім сол, сөзім барда,
Тындайтын құлақ, көрер көзім барда,
Тамаша-ай!
Кетейін мейірім қанып, риза болып,
Шырқандар бұл әнімді өзім барда,
Тамаша-ай!

Қайырмасы:

ТАНИСЫҢ

Ат болатын құлынды
Желі басынан танысың.
Адам болар ұлынды,
Жолдасынан танысың...
Батыр болар баланды,
Тұлғасынан танысың.
Жақсы болар баланды
Ел қасынан танысың.
Шаруа болар баланды,
Мал баққаннан танысың.

Кедей болар баланды,
Көп жатқаннан танысың.
Ұры болар баланды,
Түн қатқаннан танысың.
Шешен болар баланды,
Тіл қатқаннан танысың.
Үй-күшік болар баланды,
От жаққаннан танысың.
Етікші болар баланды,
Шот шапқаннан танысың.

Ұста болар баланды,
Балғасынан танысың.
Ағашшы болар баланды,
Балтасынан танысың.
Қыздың қандай боларын,
Анасынан танысың.
Қасың менен досыңды,
Қарасынан танысың.
Шебер болар қызыңды,
Бармағынан танысың.
Асыл менен жасықты
Салмағынан танысың...

ЕСКЕРТКІШ

Жас күнде тасығандай қайрат-күшің,
Толықсып толған айдай көрінесің.
Сол қалыптаң айнымай тұра бермей,
Орақтай боп қалғанда күйеді ішің.
Күркіреп жауып кеткен өткінішдей,
Секілді өмір солай өкінішін.
Орақ орып, кетпенді шаппасам да,
Ән мен күй, өлең еді бар жұмысым.
Он жасымнан ән шырқап, өлең айтып,
Халқымның қандырып ем құлақ құршың.
Мын сөйлеп, жүз күлдіріп еңбекші елді,
Сайраған саядағы бұлбұл күс ем.
Астана Москваға тоғыз бардым,
Ән шырқап Қазақстан халқы үшін.
Толғанда тоқсан жасқа той тойлаған,

Халқымның көзбен көрдім қуанышын.
Бағалап ән-жырымды Компартия,
Медаль менен орденге толды төсім.
Елестеп көз алдымнан өтіп жатыр
Секілді сол өмірлер көрген түсім.
Тілден басқа денемнің бәрі өзгеріп,
Түсе-түсе таусылды отыз тісім.
Айнала Алатауды шапқан дүлдүл,
Жарылып кетпей отыр қайтіп ішім.
Тарихта өлеңіммен жырым жүрсін,
Халықта ән-күйім мен үнім жүрсін.
Айтқаны атамның рас қой деп,
Оқыған ұрпақтарым біліп жүрсін.
Сығалай суретімді басып алып,
Төріне ескерткіш қып іліп жүрсін. ✓

Б.И. Нысан